

Атырау мұнай өңдеу зауытының тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған қарыз

Орналасқан жері:

Қазақстан

Жоба нөмірі:

51662

Бизнес секторы:

Табиғи ресурстар

Хабарлама түрі:

Мемлекеттік

Экологиялық санат:

B

Бекітілген күні:

16 қыркүйек 2020 ж.

Мәртебесі:

Бекітілген

Ашық ЖТ:

03 маусым 2021 ж.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы саясаттың III бөлімінің 2.6-тармағына сәйкес бұл ЖТ-ін ашу мәселесі ақпаратқа қол жеткізу туралы директиваның 1.4.4-тармағына сәйкес кейінге қалдырылды.

Жоба сипаттамасы

ЖШС "Атырау мұнай өңдеу зауытына" ("Компания" немесе "АМӨЗ") Қазақстандық теңгемен 80 млн АҚШ доллары мөлшерінде корпоративтік несие беру. Несие Атырау қаласына іргелес орналасқан буландырғыш тоғандарын рекультивациялау және ең тиімді шешімдер негізінде суды технологиялық тазарту құрылыстарын жаңғырту үшін пайдаланылатын болады. Несиеге компания акционерлерінің 99,54% - ын құрайтын «ҚазМұнайГаз» АҚ ("демеуші" немесе "ҚМГ") Ұлттық Компаниясы толық кепілдік береді.

Жоба мақсаттары

Алынған несие қаражаты ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және су тазарту құрылыстарын жаңғырту жолымен шығарындыларды азайту үшін пайдаланылатын болады. Бұл суды қайта пайдалануды ұлғайтуға және Атырау қаласына іргелес ауданы 860 га буландырғыш тоғандарды рекультивациялау арқылы бұрыннан келе жатқан экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Жоба Банктің жасыл экономикаға көшу саясатына 100% сәйкес келеді. Жобаны іске асыру (i) су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, (ii) буландырғыш тоғандарды рекультивациялау жолымен қолайсыз экологиялық салдарларды азайтуға және (iii) парниктік газдар шығарындыларын және ұшпа органикалық қосылыстарды қысқартуға әкеледі.

Өтпелі кезеңнің әсері

ЭАИ бағасы: 64

Жобаның өтпелі кезеңінің әсері келесі сипаттамаларға негізделеді:

- **Жасыл:** Суды технологиялық тазартуды жаңғырту және қаладан 3 км қашықтықта орналасқан буландырғыш алқаптарын рекультивациялау арқылы Атырау қаласының маңызды экологиялық проблемаларын шешу.
- **Қосу:** Кәсіби біліктіліктің кемінде 4 ұлттық стандартын (NOSS) қалыптастыру және жергілікті техникалық университетпен серіктестікте аккредиттелген дуальды оқыту бағдарламасын іске асыру.

Клиент туралы ақпарат

ЖШС "АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ"

Қарыз алушы: ЖШС "Атырау мұнай өңдеу зауыты" "ҚазМұнайГаз" мемлекеттік мұнай-газ компаниясына тиесілі Қазақстандағы үш негізгі мұнай өңдеу зауыттарының бірі болыптабылады (акцияларының 99,54%). Компанияда 1700-ге жуық адам жұмыс істейді. Ол ҚМГ сатылас интеграцияланған өндірістік тізбегінің бір бөлігі болып саналады, яғни ҚМГ шикізатты жеткізіп, АМӨЗ қайта өңдеу өнімдерінің басым бөлігін алады.

Демеуші: ҚМГ көмірсутектерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау саласындағы Қазақстанның ұлттық холдингі болыптабылады. ҚМГ толығымен мемлекетке тиесілі: акциялардың 90,42%-ын Самұрық-Қазына, ал 9,58%-ын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрайды. Жобаның демеушісі бола отырып, ұсынылып отырған мәміле шеңберінде ҚМГ берілген несие бойынша толық қаржылық кепілдігін қамтамасыз етеді.

ЕҚДБ қаржылық мәліметі

200 000 000,00 АҚШ доллары

ЕҚДБ қаржылық мәліметі: 80 000 000 АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны

200 000 000,00 АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны: 80 000 000 АҚШ доллары

Экологиялық және әлеуметтік түйіндеме

В санаты (2014 ESP). Жоба экологиялық қауіпсіздік саласында шығарындылар мен шикі суға сұранысты азайтуды, сондай-ақ ластанған буландырғыш тоғандарды қалпына келтіруді қоса алғанда, айтарлықтай артықшылықтарға әкеледі. Кез келген жағымсыз салдарлар, әсіресе ағынды суларды тазарту және буландырғыш тоғандарды қалпына келтіру жобасын жүзеге асыруға байланысты салдарлар оңай жолмен шешіледі деп күтілуде. Алайда жобаны іске асыру зауыттың қайта өңдеу қуатын арттыруға алып келмейді. Экологиялық қауіпсіздік сараптамасын ТДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексерудегі (ESDD) COVID-19-ға байланысты саясатына сәйкес қашықтықтан консультант жүргізді. Сонымен қатар ТДБ объектіге 2020 жылдың басында іс сапар жасады. Экологиялық қауіпсіздік сараптамасы барысында жоба, сондай-ақ мұнай өңдеу зауытының жалпы экологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері қаралды әрі Банктің PR бөлімімен және осы сектордағы ЕО-ның ең үздік қолжетімді әдістерімен (BAT) салыстырмалы талдау жүргізілді.

Мұнай өңдеу зауытында пайда болған ағынды сулар қазіргі уақытта ескі және тиімсіз механикалық және биологиялық тазарту қондырғысы көмегімен ішінара тазартылған ағынды суларды буландырғыш тоғандарға жібермес бұрын тазартылады, олардың ауданы 860 гектардан асады. Мұндай ағынды сулар көмірсутектер, тұздар және ауыр металдар сияқты ластаушы заттарды қамтиды. Атырау қаласы (атап айтқанда, Жайық өзенінің оңтүстік жағалауындағы қаланың бөлігі) ағынды суларды ұқсас жолмен, бірақ тазартусыз көрші тоғандарға ағызады. Бұл тоғандар - ағынды сулардың булануына және органикалық заттар мен кейбір ластаушы заттардың табиғи ыдырауына ықпал ететін үлкен жасанды сулы-батпақты жерлер. Сарқынды суларды буландырғыш тоғандарға ағызу Қазақстанда рұқсат етілген әрі жалпы қабылданған тәсіл болып саналады. Тоғандар қалаға жақын орналасқандықтан қала тұрғындарының шағымдары (иіс, ластану және т.б.) үкіметті мұнай өңдеу зауытындағы ағынды суларды тазарту процестерін қарастыруда, қала үшін ағынды суларды тазартуда және ластанған буландырғыш тоғандарды қалпына келтіруде шешім қабылдауға мәжбүр етті.

Сарқынды суларды тазартуға арналған қазіргі заманғы жабдықты енгізу судың рекуперациясын едәуір ұлғайтуға (Орал өзенінен тұщы суға қажеттілікті азайтуға), сарқынды суларды тазартуды едәуір жақсартуға, тоғандардың булану процесінде және нәтижесінде шығатын парниктік газдар (CO2) шығарындыларын қысқартуға әрі буландырғыш тоғандарды құрғату және рекультивациялау арқылы судың, топырақтың және ауаның ұзақ мерзімді ластану проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Кейбір ағынды сулар учаскеден тыс жерлерге төгіледі, бірақ олардың бір бөлігі мұнай өңдеу зауытына қайтарылмас бұрын одан әрі тазарту мақсатында жаңа қалалық тазарту станциясына жіберіледі. Қалалық станция тазартылған ағынды суларды

буландырғыш тоғанның пайдаланылмаған және үлкен аумағына ағызады. Қазіргі уақытта жоба қоғамдық кеңестерді қамтитын жергілікті экологиялық бағалаудан (ЭБ) өтуде. Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру ЭБ-дағы кейбір олқылықтарды анықтады және Компания биологиялық тазарту процесін әрі тоғандарды қалпына келтіру тәсілін әлі де жетілдіруде деп растады. Бұл олқылықтарды Компания шешуі қажет. Ал өңдеу технологиясы ЕО-ның ең үздік қолжетімді әдістерімен сәйкес, қалпына келтіру және бақылау саласында тиісті халықаралық тәжірибені қолдануды қамтамасыз етуі керек. Мұнай өңдеу тоғандарының жабылуы ұзақ мерзімді ластану мәселелерін шешсе де, уақыт өте келе тоғандарда пайда болған биоәртүрліліктің (қамыс, құстар және т.б.) жойылуына алып келеді. Пайдаланылмаған тоғандардың іске қосылуымен және тазартылған ағынды сулардың төгілуімен мұндай биоәртүрлілік осы жаңа тоғандарда және үлкен аудандарда тез қалыптасады деп күтілуде. Компанияға биоәртүрліліктің ықтимал проблемаларды одан әрі бағалау, сондай-ақ тоғандарды қалпына келтірудің және бақылаудың ең қолайлы тәсілін анықтау мақсатында ластану саласындағы зерттеулерді жалғастыру қажет. Сонымен қатар, Компания қаламен бірге жаңа буландырғыш тоғандарға байланысты кез-келген ықтимал салдарды қарастыруы керек.

Экологиялық қауіпсіздік сараптамасы Компанияның Банк талаптарына сәйкес Жобаны іске асыру үшін мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйелері, сондай-ақ тиімділік пен салдарды (шығарындылар және т.б.) іске асыру мен мониторингін қамтамасыз ету үшін Компанияның сарапшылар тобы құрылды. Оларды жобаға және жоба бойынша мердігерлерге, сондай-ақ жоба үшін белгіленген нақты жүйелерге, жоспарлар мен рәсімдерге сәйкес кеңейту қажет болады. Кадрлық мәселелер PR2 талаптарына сәйкес келетіні анықталды, дегенмен жұмысшылардың шағымдарын қарастыру механизмін жетілдіру және жоба аясында бұл мәселені кеңейту керек. Сондай-ақ Компанияға өзінің өндірістік тізбегі шеңберінде экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан ықтимал тәуекелдерді есепке алу жүйесін енгізу қажет. Жоба мұнай өңдеу зауыты аясында жүзеге асырылады деп күтілуде. Жұмыс уақытша жерді қажет етуі мүмкін.

Алдыңғы жылдары зауыт қуаттылығын арттыру және экологиялық қауіпсіздік тиімділігін ұлғайту мақсатында мұнай өңдеу зауытына елеулі инвестициялар бағытталды. Компания Ұлттық экологиялық кодекстегі күтілетін ықтимал өзгерістерге жауап ретінде мұнай өңдеу зауытында қандай жақсартулар қажет болатындығын анықтау процесінде. Қауіп-қатер салаларын анықтау және мұнай өңдеу зауытын ЕО-ның ең үздік қолжетімді әдістерімен сәйкестендіру үшін одан әрі инвестициялардың қажеттілігін айқындау мақсатында консультант мұнай өңдеу зауытының экологиялық қауіпсіздік тиімділігіне шолу жасады. Қажетті инвестициялар шығарындыларды үздіксіз бақылау жүйесін құру, резервуарлардағы буларды қалпына келтіру және қайталама оқшаулауды жақсарту, сондай-ақ мұнай өңдеу зауытындағы топырақ пен жер асты суларының ластануын зерттеу қажеттілігін қамтиды. Сонымен қатар Компания өзінің шығарындылар мониторингін ЕО-ның ең үздік қолжетімді әдістерімен келісуі, ал шығарындылар талаптарға сәйкес келмеген жағдайда шығарындыларды азайту бойынша шаралар қабылдауы қажет. Қарастырылған

деректер азот оксиді мен шаңның шығарындыларымен күресудің әлеуетті қажеттілігін көрсетеді. Осы және басқа да инвестициялар Экологиялық және әлеуметтік саладағы іс-шаралар жоспары талап ететін (ESAP) ЕО-ның толық шолуы негізінде ақпарат болып саналады және берілген кредит мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Бұдан басқа, Компанияға мұнай өңдеу зауытында асбест пен тұрақты органикалық ластағыштарға (атап айтқанда ПХБ) талдау жүргізу әрі жою және ауыстыру бағдарламасын анықтау қажет болады.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері зауытты басқару жүйесінің көмегімен шешіледі. Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру қосымша апаттар мен сыртқы оқиғалардың сценарийлерін қарастыруды қоса алғанда, зауытта өнеркәсіптік қауіпсіздік үшін тәуекелдерді бағалауды жақсарту қажет кейбір салаларды анықтады (мысалы, мұнай өңдеу зауытына әсер ететін көрші объектідегі апат). Жаңартулар ЕО Seveso III өнеркәсіптік қауіпсіздік директивасының және ЕО АТЕХ жарылыс қаупі бар атмосфера директивасының талаптарын ескеруі әрі алдын алу және бақылау шараларын қайта қарау туралы, сондай-ақ төтенше жағдайларға дайындық және ден қоюды жоспарлау туралы хабардар етуі тиіс. Қоғамдық тәуекелдер анықталған жағдайда Компания олар туралы хабарлауы керек. Мұнай өңдеу зауыты, өңірдің басқа кәсіпорындары сияқты, санитарлық-қорғау аймағымен (СҚА) қоршалған. СҚА тұрғын үй құрылысына жол берілмейтін буферлік аймақ болып табылады. Бұл халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндірмеу үшін жасалады.

Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру нәтижелері Экологиялық және әлеуметтік саладағы іс-шаралар жоспарын (ESAP) жасауда негізге алынады. Берілген жоспар жобаны және қолданыстағы МӨЗ операцияларын Банк талаптарына сәйкес келтіру үшін Компаниямен келісілді. Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру сонымен қатар ТҚД және Компанияға ашылған мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспарын және техникалық емес түйіндемені әзірлеуді қамтыды. Бұл Компанияның мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесудің және ақпаратты ашудың қолданыстағы тәжірибесін, сондай-ақ шағымдарды қарастыру механизмін қоса алғанда, ЭБ процесін толықтырады. Компания Банкке ESAP орындалуы, сондай-ақ жобаның және мұнай өңдеу зауытының экологиялық қауіпсіздік саласындағы нәтижелері бойынша есеп беруге міндетті. ТДБ сонымен қатар сапарларға шектеулер алынып тасталғаннан кейін қажет болған жағдайда бақылау сапарларын өткізуі ықтимал.

Компанияның байланыс деректері

Тимур Меңдібаев мырза
ref@anpz.kz
www.anpz.kz/en/

ЖТ соңғы жаңарту

03 маусым 2021 ж.

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат [мына жерде](#) қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты [ЕҚДБ сатып алулары](#) сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды [ЕҚДБ сұраныстар нысанын](#) пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

[ЭЭС](#) және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат [ЭЭС](#)-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз

етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КЭББ шешуші рөл атқарады.

КЭББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КЭББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты [ЕҚДБ сұраныстар нысанының](#) көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың](#) талаптарын және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау [Сұранысын тапсыру](#) туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.